

**Кәсіби даярлау, біліктілікті арттыру және қайта даярлауға жіберілген жұмыссыздарға әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қостанай қалалық әкімдігінің 2005 жылғы 23 наурыздағы N 306 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2005 жылғы 27 сәуірде N 9-1-4 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 703 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 03.04.2013 № 703 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексінің 53-бабының негізінде, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 " Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" қаулысына және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31-бабына сәйкес Қостанай қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген кәсіби даярлау, біліктілікті арттыру және қайта даярлауға жіберілген жұмыссыздарға әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. "Қостанай қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі ( Кураева Л.С.) "Жұмыссыздарды кәсіби даярлау және қайта даярлау" 451-002-101 бюджеттік бағдарламасы бойынша қаржыландыруды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қостанай қаласы әкімінің орынбасары А.Қ. Нұрғазиевқа жүктелсін.

***Қала әкімі***

Қ о с т а н а й                      қ а л а с ы  
ә к і м д і г і н і ң                      2 0 0 5                      ж ы л ғ ы  
2 3                      н а у р ы з                      N                      3 0 6  
қаулысымен бекітілген

**Кәсіби даярлау, біліктілікті арттыру  
және қайта даярлауға жіберілген жұмыссыздарға  
әлеуметтік көмек көрсету туралы нұсқаулығы**

Осы нұсқаулық кәсіби даярлау, біліктілікті арттыру және қайта даярлауға жіберілген жұмыссыздарға тұруға, тамақтануға, медициналық куәландыруға

және аумақ шегінде оқу орнына баратын жолға арналған шығынды өтеу жөнінде әлеуметтік көмек көрсетудің тәртібін анықтайды.

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы нұсқаулықта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) Уәкілетті орган - "Қостанай қаласы әкімиятының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалары бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

2) өтініш беруші-әлеуметтік көмек алудан үміткер адам.

2. Кәсіби даярлау, біліктілікті арттыру және қайта даярлауға жіберілген жұмыссыздарға тұруға, тамақтануға, медициналық куәландыруға және аймақ шегінде оқу орнына баратын жолға арналған шығынды өтеу жөніндегі әлеуметтік көмекті Уәкілетті орган көрсетеді және айына ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен орташа жан басына шаққандағы бар жұмыссыздарға төленеді.

3. Әлеуметтік көмек, егер жұмыссыз оқу бітірген күннен кейін бір ай ішінде өтініш жасаса, төленеді.

4. Уәкілетті орган азаматтардың әлеуметтік көмек көрсету туралы арыздарын қарайды және оны тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

5. Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" заңына сәйкес халықтың нысаналы топтарына кіретін жұмыссыздардың, басым тәртіп бойынша кәсіби даярлау, біліктілікті арттыру және қайта даярлауды өтуге құқығы бар.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай қаласының әкімдігінің 2009.01.13 № 45 қаулысымен.

## **2. Әлеуметтік көмек алуға өтініш жасау**

6. Өтініш беруші Уәкілетті органға жазбаша арыз береді және әлеуметтік көмек алу құқығын растайтын құжаттарды тапсырады.

7. Өтініш беруші арызда және құжаттарда көрсетілген мәліметтің толықтығына және растығына Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жауапты болады.

## **3. Қажетті құжаттардың тізбесі**

8. Әлеуметтік көмек тағайындау үшін қажет құжаттар:

1) әлеуметтік көмек көрсету туралы тұрғылықты жердегі банкідегі жеке шоттың нөмірі көрсетілген жазбаша арыз;

2) өтініш берушінің жеке тұлғасын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) Уәкілетті органның өтініш берушінің жұмыссыз ретінде ресми тіркелгенін  
р а с т а й т ы н а н ы қ т а м а с ы ;

4) Уәкілетті органның кәсіби оқуға берген жолдамасының көшірмесі;

5) Уәкілетті органның кәсіби даярлауға, біліктілікті арттыруға және қайта даярлауға жіберген жұмыссызбен жасасқан шартының көшірмесі;

6) Жолаушылар, теміржол көлігі (таксиден басқа) бойынша жолақы құжаттарының түпнұсқасы, немесе көрсетілген тасымалдау түрлерін жүзеге асыратын ұйымның, уәкілетті органмен қол қойылған және мөрмен растаған (оқу басталар алдындағы күндегі) жолақының бағасы туралы анықтамасы;

7) емдеу мекемесі берген медициналық куәландырудан өткені туралы санитарлық кітапшасының көшірмесі және оны өту үшін төлеген ақы жөніндегі  
т ө л е м қ ұ ж а т ы ;

8) азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі;

9) өтініш берушінің жұмысқа жарамды барлық отбасы мүшелерінің табысы  
т у р а л ы м ә л і м е т т е р .

**Ескерту. 8-тармақ өзгертулер және толықтырулермен - Қостанай облысы Қостанай қаласының әкімдігінің 2009.01.13 № 45 қаулысымен.**

9. Әлеуметтік көмек тағайындау үшін қажет құжаттардың түпнұсқалары және салыстыру үшін олардың көшірмелері уәкілетті органға тапсырылады. Салыстырғаннан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады .

#### **4. Әлеуметтік көмекті тағайындау тәртібі**

10. Уәкілетті орган әлеуметтік көмекті тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешімді өтініш беруші арызымен қоса барлық құжаттарын тапсырғаннан кейін 10 күн ішінде қабылдайды. Әлеуметтік көмекті тағайындаудан бас тартқан жағдайда өтініш берушіге, бас тартудың себептері көрсетіліп, жазбаша хабарланады.

11. Әлеуметтік көмекті тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешімге Уәкілетті органның басшысы қол қояды.

12. Қажет құжаттардың біреуінің болмауы әлеуметтік көмек көрсетуден бас тартуға әкеліп соғады.

#### **5. Әлеуметтік көмектің мөлшері**

13. Әлеуметтік көмек шығынды өтеу үшін көрсетіледі:

1) тамақтануға - айына, тиісті жлға республикалық бюджет туралы заңымен белгіленген төрт алық есептік көрсеткіші;

2) осы Нұсқаулықтың 8-тармағының 7-тармақшасында көрсетілген құжатпен расталған, медициналық куәландыру үшін;

3) тұру үшін - тиісті жылға республикалық бюджет туралы заңымен белгіленген, айына бір айлық есептік көрсеткіш;

4) аумақ шегінде оқу орнына баратын жолға осы нұсқаулықтың 8-тармағының 6-тармақшасында көрсетілген құжаттармен расталған, жолақының б а ғ а с ы .

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда Қостанай облысы Қостанай қаласының әкімдігінің 2009.01.13 № 45 қаулысымен.**

14. Қостанай облысы бойынша Қостанай қаласынан тыс жерлерге кәсіби оқуға жіберілген жұмыссыздарға тұруға және оқу орнына баратын жолға арналған шығынды өтеу үшін әлеуметтік көмек көрсетіледі.

## **6. Әлеуметтік көмекті төлеу**

15. Әлеуметтік көмекті төлеу қалалық бюджеттің қаражаты есебінен жүзеге а с ы р ы л а д ы .

16. Әлеуметтік көмекті төлеу барлық оқу мерзіміне оқу аяқталған соң жүзеге а с ы р ы л а д ы .

17. Уәкілетті орган есептеу жүргізеді, әлеуметтік көмек тағайындалған азаматтардың тізімін қалыптастырады және қаржы органға қаржыландыруға ж и ы н т ы қ ө т і н і м т а п с ы р а д ы .

18. Әлеуметтік көмекті төлеу тиісті банктік операциялар түріне Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің лицензиясы бар, екінші деңгейдегі банктер арқылы уәкілетті орган берген тізімдерге сәйкес жұмыссыздардың жеке есеп шоттарына ақша түрінде аудару арқылы жүзеге асырылады.